КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 02 қараша №2301-23-00-2/2081 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмухановаңың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.Кубашева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика Бюросының Атырау облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Анаш» басшысы Анаш Бекзат Қайратұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 39 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор М.Кыстаубаева
Талап қоюшы өкілі Н.Қ.Кубашев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 14 шілдедегі мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде, 20 шілдеде тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №86 шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс берушіге/талап қоюшыға жеңіл автокөлік үшін шрус тығыздамасын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 2 578 теңге, орындау мерзімі – шарт күшіне енгеннен кейін 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 21 тамызға дейін болып белгіленген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, тауар жеткізілмегендігін көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 2023 жылғы 21 тамыз – 06 қыркүйек аралығына есептелген тұрақсыздық айыбы 39 теңгені өндіруді сұраған.

Талап қоюшы өкілі Н.Қ.Кубашев сот отырысында талапты қуаттап, жауапкер тауарды 21 тамызға дейін жеткізуі тиіс болғанын, алайда тауар күні бүгінге дейін жеткізілмегенін көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз карауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4- бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз карады.

Прокурор М.Кыстаубаева сот отырысында талаптың толықтай қанағаттандыруға жататындығы жөнінде қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Тараптар арасында жасалған шартқа сәйкес, тауар жауапкермен 21 тамызға дейін жеткізілуі тиіс болған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен шарттың міндеттемелері бүгінгі күнге дейін толық көлемінде орындалмаған, тауар жеткізілмеген, яғни талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Бұл жағдайда сот, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді деп танылып, талап қанағаттандырылуға жатады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден міндеттеме тиісінше орындалмаған 15 күнге есептелген 39 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерден 39 теңге тұрақсыздық айыбы сомасын өндіру туралы талаптың бөлігі қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне барлығы 1764 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196,117,223-226,229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық Статистика Бюросының Атырау облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Анаш» басшысы Анаш Бекзат Қайратұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 39 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Анаш» басшысы Анаш Бекзат Қайратұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Анаш» басшысы Анаш Бекзат Қайратұлынан мемлекет кірісіне 39 (отыз тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбы, 1764 (бір мың жеті жүз алпыс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Р.Балмуханова

Анықтама: шешім заңды күшіне 2023 жылғы 11 желтоқсанда енді.

Судья А.Р.Балмуханова

«3» бетте тігілді.
«2» парақта нөмірленді
Судья А.Р.Балмуханова